

...АЛ «ШЫҒЫС ШЫНАРЫ» ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫ

Бас жүлде биыл Бауыржан Жақыпқа бұйырды



Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «20 жарқын іс» акциясы аясында ұйымдастырылған тағы бір ұлағатты шара «Шығыс шынары – 2011» атты II халықаралық мүшәйра кеше «Этноауыл» кешенінде өтті.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ бастамасымен өмірге келген бұл шара өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылып, еліміздің түкпір-түкпірінен, шет елдегі қандастарымыздан 170 ақын қатысқан болатын. Мақсат – еліміздің шұрайлы да шырайлы өлкелерінің бірі Шығыстың ғасырлар қойнауындағы тарихын, ата-баба ерлігін, тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктерін, табиғат көркін жырға қосып, жас ұрпақтың санасына отансүйгіштік рух ұялату, дана Абай туған өлкенің кешегі, бүгінгі тарлан ақындарының ізбасарларын түлетуге саяды.

Биылғы мүшәйраға еліміздің әр түкпірінен Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай қатарлы шет елдерден, барлығы 108 ақын қатысыпты.

– Жүлдеге қатысқан туындылар жасырын атпен келгендіктен тамыртаныстыққа жол беру, беделіне қарау сияқты келеңсіздіктер болған жоқ. Атақты ақын-жазушылардан құралған қазылар алқасы әр туындыны мұқият

сараптап, 16 ақынның өлеңдерін таңдап алды. Міне, бүгін сол маңдайалды ақындардың туындылары жырмен сусындауға келген қауымның назарына ұсынылып отыр. Әрине, бұдан өзге ақындардың өлеңі нашар деген ұғым тумаса керек. «Өлеңге әркімнің ақ бар таласы» деп Абай атамыз айтқандай, олардың барлығы да – өзіндік ерекшелігі бар, шашасына шаң жұқпайтын дүлдүл ақындар. Сараптаудың қиындығы да осыдан туындады, – дейді қазылар алқасының мүшесі ақын Серік Ғабдуллин.

Жүргізушілер жырсуіер қауым асыға күткен мүшәйраның ашық екенін жариялап, облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫ ортаға шақырды.

– Елдің елдігін танытатын, атын шығаратын әдебиет екені белгілі. Әрі өлең-жыр – атадан балаға жалғасып келе жатқан халқымыздың киелі өнерінің бірі. Сол өнердің кіндігі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу үшін, кемелдене беруі үшін жыр мүшәйрасын

дәстүрге айналдырмақ ниеттеміз. Бұл – біздің егемендігіміздің арқасы. Өскемен қаласында қазақ ақындарының мүшәйрасын өткізу бір кездері өңіміз түгіл түсімізге кірмеген. Сондықтан тәуелсіздігіміздің туын көтеріп, тұғырын бекемдеген Елбасымызға рақмет айтамын. Өткен жылғы мүшәйра Ұлы Абай бабамыздың туғанына 165 жыл толу мерекесіне арналса, биыл ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып отыр. Шырайлы Шығысты жырларына қосып, өлеңнен өрнек салған мүшәйраға қатысушы барлық ақындарға рақмет айтамын. Шабыттарыңыз асқақтай берсін! – деді Әкім өз сөзінде.

Мұнан соң сайыстың соңғы кезеңіне іріктелген дүлдүл ақындар кезегімен өлеңдерін оқыды. Арасында әсем ән, күмбірлі күйге кезек беріліп, «Жігер», «Арай», «Аршын», «Найман» өнер топтары, жекелеген әнші-күйшілер асқақ жырды сулу сазбен көмкерді.

(Жалғасы 2,6-беттерде)